

**"Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Степногорск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № а-10/539 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № а-2/58 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 37 бабының 8 тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Степногорск қаласы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімдемесінде № 1-2-104 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпанда "Степногорск Ақшамы", "Вечерний Степногорск" газеттерінде жарияланған) Степногорск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № а-10/539 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Н.Т.Әбдірахмановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Степногорск қаласының әкімі*

*Ә.Күмпекеев*